

1. СИПАТТАМАСЫ

1.1 Құрылғының сипаттамасы

(3-бет - А)

A1. Алынбалы су ыдысы

A2. Кесе науасы

A3. Су ыдысы орны

A4. Қосалқы жабдықтар ұстағышының бағыттауыштары (кофе сүзгілері)

A5. Қақпақ

A6. Бу/ыстық су тетігі

A7. Каппучино жасағыш (**үлгіге қарай әр түрлі болады)

A8. Каппучино жасағыш қондырмасы

A9. Шүмек

A10. Каппучино жасағыштың таңдау дөңгелегі (*тек кейбір үлгілерде)

A11. ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) қосқышы

A12. Ыдыстағы су деңгейін көру терезесі

A13. Қайнатқыш бөліктің шығыс түтігі

A14. Кружжалар немесе стақандар науасы (*тек кейбір үлгілерде)

A15. Тамшы науасы (**үлгіге қарай әр түрлі болады)

A16. Тамшы науасындағы су деңгейін көрсеткіш (*тек кейбір үлгілерде)

A17. Кесе науасы (*тек кейбір үлгілерде)

1.2 Басқару тақтасының сипаттамасы

(3-бет - В)

B1. Режимді таңдау дөңгелегі

B2. ОК шамы

B3. Қуат шамы I

1.3 Керек-жарақтар сипаттамасы

(3-бет, С)

C1. Сүзгіні ұстатқыш

C2. 1 кофе көпіршіту сүзгісі

C3. 2 кофе көпіршіту сүзгісі

C4. ESE жастықшасының көпіршіту сүзгісі

C5. Өлшеуіш/қысым

C6. Қақ тазартқыш (***бірге берілмейді, өкілетті тұтынушыларға қызмет көрсету орындарынан сатып алуға болады)

C7. Су жұмсартқыш сүзгі (***бірге берілмейді, өкілетті тұтынушыларға қызмет көрсету орындарынан сатып алуға болады)

2. СУ ЫДЫСЫН ТОЛТЫРУ

1. Құрылғының қақпағын (1-сурет) ашып, ыдысты жоғары қарай тартып алыңыз (2-сурет);

2. Ыдысты таза сумен MAX белгісінен асырмай толтырыңыз (3-сурет).

Ыдысты құрылғыдағы орнына салып жатқан кезде ыдыстың түбінде орналасқан клапандарды ашу үшін оны жайлап басып салыңыз.

3. Ыдысты сумен толтырудың ең қарапайым жолы – оны шығарып алмай, құтымен тікелей су құю.

Маңызды:

Құрылғыны ыдысында су болмағанда немесе ыдыстың өзі болмағанда ешқашан пайдаланбаңыз. Ыдыстағы су деңгейін көру терезесі арқылы тексеріңіз (A12).

3. ҚҰРЫЛҒЫ ПАРАМЕТРЛЕРІН ОРНАТУ

1. ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін (4-сурет) басы арқылы құрылғыны іске қосыңыз: қуат шамы жанады.

2. Қажетті кофе сүзгісін сүзгі ұстатқышқа енгізіңіз (5-сурет).

3. Сүзгі ұстатқышты құрылғыға оны ұнтақ кофемен толтырусыз салыңыз (6-сурет).

4. Қайнатқыш бөлік шүмегінің астына 0,5 литрлік бос ыдыс қойыңыз және тағы бір 0,5 литрлік ыдысты капучино жасағыштың астына қойыңыз.

5. ОК шамы жанғанша (8-сурет) күтіп, одан кейін режим таңдау тетігін дереу  бағытына (9-сурет) бұраңыз да, сүзгі ұстатқыш арқылы шамамен жарты ыдыс су ағызыңыз.

6. Одан кейін бу тетігін  бағытына қарай (10-сурет) бұрап, ыдыста қалған барлық суды капучино жасағыш арқылы ағызыңыз.

7. Бу тетігін 0 бағытына қайта бұрып, режим таңдау тетігін I бағытына (STAND-BY (Күту режимі)) бұраңыз.

8. Екі ыдысты босатып, оларды қайнатқыш бөлік пен капучино жасағыштың астына қайта қойыңыз да, 5-6-7 қадамдарды қайталаңыз.

Одан кейін құрылғы пайдалануға дайын болады.

3.1 Автоматты өшіру

Егер құрылғы белгілі бір уақыт аралығында пайдаланылмаған болса (үлгіге қарай әр түрлі болады), ол автоматты түрде ажырайды (қуат шамы сөнеді).

3.2 Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер

Эспрессо кофесін тиісті температурада жасау үшін, кофе жасағышты былай алдын ала қыздыру керек:

1. ON/OFF (Қосу/Өшіру) қосқышын басу арқылы құрылғыны іске қосып (ON (Қосу) шамы жанады) (4-сурет), сүзгі ұстағышты құрылғыға тартылған кофе салмай бекітіңіз (6-сурет).
2. Сүзгі ұстағыштың астына бір кесе қойыңыз. Сол кесені алдын ала қыздыру үшін кофе дайындау мақсатында пайдаланыңыз.
3. ОК шамы жанғанша (8-сурет) күтіп, артынша таңдау тетігін дереу /  бағытына (9-сурет) бұраңыз және суды ОК шамы сөнгенше босатыңыз, сосын дөңгелекті I бағытына бұрау арқылы тоқтатыңыз.
4. ОК индикатор шамы қайта жанғанша күтіп, осы операцияны қайталаңыз.

(Сүзгі ұстатқышын алу барысында шағын және зиянсыз будың бұрқырауы – қалыпты нәрсе).

3.3 Кружжалар немесе стақандар науасы (ЕСР35.31 және ЕСР33.21 үлгілерінде ғана)

Егер ұзын кеселерді немесе стақандарды қолданып жатсаңыз (мысалы, ұзын кофе немесе макиато дайындау үшін), тамшы науасын шығарып, кесені кружжалар немесе стақандар науасына тікелей қойыңыз (A14 - 11-сурет).

Кофе жасаған соң тамшы науасын орнына салыңыз.

4. ТАРТЫЛҒАН КОФЕДЕН ЭСПРЕССО КОФЕСІН ЖАСАУ ЖОЛЫ

1. Тартылған кофе сүзгісін (C2 немесе C3) сүзгі ұстатқышқа салыңыз. Бір кофе жасау үшін  сүзгісін, ал екі кофе жасау үшін  сүзгісін қолданыңыз.
2. Тек бір кофе жасау үшін, ұнтақ кофенің бір деңгейлік мөлшерін (шамамен 7 г) сүзгіге салыңыз. (12-сурет).
Екі кофе дайындау үшін, ұнтақ кофенің екі өлшеуішке барынша толтырылған мөлшерін (шамамен 6+6 г) сүзгіге салыңыз.
Тартылған кофенің шамадан асып кетпеуіне жол бермес үшін, сүзгіні қатты толтырып жібермеңіз.

Маңызды: Дұрыс пайдалану үшін, тартылған кофемен толтырмас үшін, соңғы рет кофе жасаған кезден қалған кофе қалдықтарының жоқтығына көз жеткізіңіз.

3. Тартылған кофені бір деңгейде жайып, тығыздағышпен жайлап басыңыз (13-сурет). Жақсы эспрессо алу үшін тартылған кофені дұрыс басу маңызды болып табылады. Егер шамадан тыс бассаңыз, кофе жай құйылатын болады және көпіршік қара болады. Егер жеткіліксіз бассаңыз, кофе тым тез құйылатын болады және көпіршік жеткіліксіз және ашық түсті болады.
4. Сүзгі ұстағыштың жиегіндегі артық кофені алып тастап, құрылғыға бекітіңіз. Судың шығуының алдын алу үшін тұтқаны оңға қарай мықтап бұраңыз (6-сурет).
5. Кесені немесе кеселерді сүзгі ұстатқыш шүмектерінің қойыңыз (14-сурет). Кофе жасамас бұрын кеселерге аз ғана сумен шаю арқылы оларды жылытып алу ұсынылады.
6. ОК шамының (8-сурет) жанып тұрғанын тексеріп (егер өссе, ол жанғанша күтіңіз), режим таңдағыш дөңгелекті /  бағытына бұраңыз. Қажетті кофе мөлшері құйылған кезде, дөңгелекті I бағытына бұраңыз.
7. Сүзгі ұстағышты алып тастау үшін, сапты оңнан солға қарай бұраңыз.

Күйіп қалу қаупі бар! Шашыраудың алдын алу үшін, сүзгі ұстағышты құрылғы кофе құйып жатқан кезде ешқашан шығармаңыз.

8. Құрылғыны өшіру үшін, ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін басыңыз.

5. ЖАСТЫҚШАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНЫП ЭСПРЕССО КОФЕСІН ЖАСАУ ЖОЛЫ

1. Құрылғыны "3.2 Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер" бөлімінде көрсетілгендей, сүзгі ұстағыш бекітілгеніне көз жеткізе отырып алдын ала қыздырыңыз. Ыстығырақ кофе осылай жасалады.

Ескеріңіз: Орамда төмендегі белгімен көрсетілген ESE стандартына сай жастықшаларды пайдаланыңыз.

ESE стандарты дегеніміз көшбасшы жастықша өндірушілері қабылдаған және эспрессо кофесін қарапайым және таза жолмен дайындауға мүмкіндік беретін жүйе.

2. Жастықша кофе сүзгісін (C4 ) сүзгі ұстатқышқа қойыңыз.
3. Жастықшаны сүзгінің ортасына туралап салыңыз (15-сурет). Жастықшаны сүзгіге дұрыс бағыттау үшін жастықша бумасындағы нұсқаларды әрқашан орындаңыз.
4. Сүзгі ұстатқышты құрылғыға бекітіңіз. Оны орнына түскенше бұраңыз (6-сурет).

- Алдыңғы бөлімдегі 5, 6 және 7-қадамдардағыдай жалғастырыңыз.

6. КАППУЧИНО КОФЕСІН ДАЙЫНДАУ ЖОЛЫ

- Эспрессо кофесін алдыңғы бөлімдерде сипатталғандай етіп жеткілікті үлкен кеселерді пайдалану арқылы дайындаңыз.
- Таңдағышты  бағытына (16-сурет) бұрап, ОК шамы жанғанша күтіңіз.
- Сол кезде ыдысты дайындалатын әрбір капучино үшін шамамен 100 грамм сүтпен толтырыңыз.
Сүт тоңазытқыш температурасында болуы керек (ыстық емес!).
Ыдысты таңдаған кезде сүттің көлемі екі немесе үш есе көбейетінін ескеріңіз (17-сурет).

Ескеріңіз: Жартылай майсыздандырылған сүтті тоңазытқыш температурасында сақтау ұсынылады.

- ЕСР 35.31 үлгісінде ғана:** Каппучино құрылғысын таңдау сақинасының (A10) "CAPPUCCINO" бағытында (18-сурет) тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Сүт құйылған ыдысты капучино жасағыштың астына қойыңыз.
- ОК шамы жанғанша күтіңіз. Бұл қайнатқыш ыдыстың бу шығаратындай қолайлы температураға жеткенін көрсетеді.
- Айналым түтіктеріндегі кез келген суды шығарып таста үшін бу таңдағышты  бағытына қарай бірнеше секунд бұрау арқылы буды ашыңыз. Буды жабыңыз.
- Каппучино жасағышты сүтке шамамен 5 мм (19-сурет) батырып, бу тетігін  бағытына бұраңыз. Сүттің мөлшері одан кейін көбіе бастайды және кілегейлі көрініске айналады.
- Сүттің мөлшері екі еселенген кезде, капучино жасағышты тереңірек батырып, сүтті қыздыруды жалғастырыңыз.
Қажетті температураға (ең дұрысы – 60°C) қол жеткізілген кезде, бу тетігін 0 бағытына бұрау арқылы буды тоқтатыңыз да, режим таңдау тетігін I бағытына бұраңыз.
- Көпіршігін сүтті бұған дейін дайындалған кофе құйылған кеселерге құйыңыз. Каппучино дайын. Дәмді тәттілендіріңіз және қажет болса көпіршітілген сүтке шамалы какао ұнтағын себіңіз.

Ескеріңіз:

- Бірден астам капучино дайындау үшін, алдымен барлық кофелерді жасап алып, соңында көпіршітілген сүтті барлық капучинолар үшін дайындаңыз.

- Сүт көпіршіген соң кофені қайтадан жасау үшін, алдымен қайнатқыш бөлікті суытып алыңыз, айтпесе кофе күйіп кетеді. Оны салқындату үшін, қайнату ыдысының шүмегінің астына бір ыдысты қойып, режим таңдағыш дөңгелекті  бағытына бұраңыз да, суды ОК шамы сөнгенше ағызыңыз. Таңдағышты I бағытына қайтарып, кофе жасау процедурасын жалғастырыңыз.

Буды ең көбі 60 секунд құйып, артынша сүтті үш реттен артық көпіршітпеу ұсынылады.

7. МАКИАТО ЖАСАУ (ЫСТЫҚ СҮТ - ЕСР35.31 ҮЛГІСІНДЕ ҒАНА)

Ыстық сүтті көпіршіксіз жасау үшін, жоғарыдағы бөлімде сипатталғандай әдіспен жалғастырыңыз, капучино жасағыштағы (A10) сақинаның жоғарыдағы HOT MILK (ЫСТЫҚ СҮТ) бағытына орнатылғанына көз жеткізіңіз.

8. КАППУЧИНО ЖАСАҒЫШТЫ ӘР ПАЙДАЛАНУДАН СОҢ ТАЗАЛАУ

Маңызды! немесе гигиеналық себептерге байланысты, капучино жасағышты пайдаланып болған соң әрқашан тазалап отыру керек.

Мына әрекетті орындаңыз:

- Аз ғана буды бірнеше секунд шығару үшін бу тетігін  бағытына бұраңыз ("Каппучино кофесін жасау жолы" бөлімінің 2, 6 және 7-қадамдары). Бұл капучино жасағыштың іште қалған сүт қалдығын шығаруға себеп болады. Құрылғыны бу тетігін 0 бағытына бұрау арқылы өшіріп, режим таңдау тетігін I бағытына бұраңыз.
- Каппучино жасағыш суығанша бірнеше минут күтіңіз. Каппучино жасағышты сыртқа қарай бұрып, оны төмен тартып (20-сурет) шығарыңыз.

8.1 ЕСР35.31 үлгісі

- Қондырманы төмен қарай шығарыңыз (21-сурет).
- Сақинаны жоғарыға тартып, 22-суреттегі көрсеткілермен көрсетілген екі тесіктің бітелмегенін тексеріңіз.
Қажет болса, инемен тазартыңыз.
- Қондырманы орнына салыңыз, сақинаны төмен қарай жылжытыңыз және капучино жасағышты бұрау және орнына түскенше

жоғары итеру арқылы қондырмаға қайта салыңыз.

8.2 ECP33.21 және ECP31.21 үлгілері

3. Каппучино жасағыш қондырмасын төмен қарай шығарыңыз (23-сурет).
4. Каппучино жасағыштағы 24-суретте көрсетілген тесіктің бітелмегенін тексеріңіз.
Қажет болса, инемен тазартыңыз.
5. Қондырманы орнына салып, капучино жасағышты қондырмаға жоғары қарай бұрау және орнына түскенше итеру арқылы қайта енгізіңіз.

9. ЫСТЫҚ СУ

1. Құрылғыны іске қосу үшін, ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін (4-сурет) басыңыз.
ОК шамы жанғанша күтіңіз.
2. Каппучино жасағыштың астына ыдыс қойыңыз.
3. **ОК** индикатор шамы жанған кезде, режим таңдау тетігін /  бағытына бұраңыз және сол уақытта бу тетігін /  бұраңыз.
Каппучино жасағыштан ыстық су шығады.
4. Ыстық су аққанын тоқтату үшін бу тетігін **0** бағытына бұрып, режим таңдау тетігін **I** бағытына бұраңыз.

Ыстық суды 60 секундтан артық құйып тұрмаңыз.

10. ТАЗАЛАУ

10.1 Құрылғыны тазалау

Құрылғының мына бөліктерін тұрақты түрде тазалап отыру керек:

- тамшы науасы (A15);
- кофе сүзгілері (C2, C3 және C4);
- қайнатқыш шүмегі (A13);
- су ыдысы (A1);
- капучино жасағышты (A7) мына бөлімде сипатталғандай етіп тазалаңыз: "8. КАППУЧИНО ЖАСАҒЫШТЫ ӘР ПАЙДАЛАНУДАН СОҢ ТАЗАЛАУ"

Маңызды!

- Кофе құрылғысын тазалау үшін еріткіштерді, қырғыш заттарды немесе спиртті пайдаланбаңыз.
- Қоқымдарды және кофе қалдықтарын кетіру үшін металдан жасалған заттарды пайдаланбаңыз, себебі олар құрылғының

металл немесе пластмасса бөліктерін сырып тастауы мүмкін.

Қауіпті! Кофе жасағышты суға ешқашан батырмаңыз. Бұл – электрлік құрылғы.

Ескеріңіз:

Құрылғы 3/4 күн бойына қолданылмайтын болса, оны қайтадан қолданбас бұрын, оны мына бөлімде сипатталғандай етіп шайған жөн: "3. ҚҰРЫЛҒЫ ПАРАМЕТРЛЕРІН ОРНАТУ"

10.2 Тамшы науасын тазалау

ECP35.31 және 33.21 үлгілерінде: Маңызды!

Тамшы науасы ондағы су деңгейін көрсететін деңгей көрсеткішімен (қызыл) белгіленген.

Тамшы науасын индикатор кесе науасынан (25-сурет) шығып тұрғанға дейін босату керек, әйтпесе, су науа жиегінен асып шығып, құрылғыны, құрылғы орналасқан жерді немесе оның айналасын бүлдіруі мүмкін.

1. Тамшы науасын (26-сурет) босатыңыз.
2. **ECP35.21 және 33.21 үлгілерінде:** Кеселерді шығарып, судан босатыңыз және науаны шүберекпен сүртіп, орнына қайта салыңыз.
Кружжалар және стақандар науасын (A14) шығарып, сумен тазалаңыз да, құрылғыға қайта салыңыз.
3. Тамшы науасын орнына салыңыз.

10.3 Кофе сүзгілерін тазалау

Кофе сүзгілерін апта сайын тазалаңыз:

1 және 2 кесе сүзгісі

1. Тесіктері бар сүзгіні құлақшаны (27-сурет) жоғары көтеру арқылы шығарыңыз;
2. Сүзгілерді ағын су (28-сурет) астында шайыңыз;
3. Тесіктердің бітелмегеніне көз жеткізіңіз.
Қажет болса, инемен тазартыңыз (28 және 29-суреттер);
4. Тесіктері бар сүзгіні корпусқа салып, орнына жеткенше басыңыз.

Жастықшалы сүзгі

Ағын суға жуыңыз. Тесіктердің бітелмегеніне көз жеткізіңіз. Қажет болса, инемен тазартыңыз (28 және 29-суреттер).

10.4 Қайнатқыш бөлік шүмегін тазалау

Әрбір 200 кофеден кейін қайнатқышты шайып отырыңыз, ол үшін қайнатқыш шүмегінен шамамен 0,5 л су ағызыңыз.

10.5 Су ыдысын тазалау

1. Су ыдысын тұрақты түрде (шамамен айына бір рет және су жұмсартқыш сүзгіні (C7, *егер бар болса) орнына салған сайын) дымқыл шүберекпен және шамалы жұмсақ ыдыс жуғыш сұйық затпен тазалап отырыңыз.
2. Сүзгіні алыңыз (*егер бар болса) және ағынды сумен шайыңыз.
3. Сүзгіні орнына салыңыз (егер болса), ыдысты таза сумен толтырып, орнына салыңыз.
4. (Тек су жұмсартқыш сүзгісі бар үлгілер) Шамамен 100 мл су жеткізеді.

11. ҚАҚ ТАЗАЛАУ

Әрбір 200 кофе жасау циклінен кейін кофе жасағыштың қағын тазалап отыру ұсынылады. Сатып алуға болатын De'Longhi (C6*) қақ тазалағышын пайдалану ұсынылады.

Мына әрекетті орындаңыз:

1. Ыдысты орамдағы көрсеткіштерге қарап сумен еріту арқылы алынған қақ тазалау ерітіндісімен толтырыңыз.
2. ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін басыңыз.
3. Сүзгі ұстағыш бекітілмегенін тексеріңіз және каппучино жасағыштың астына ыдыс қойыңыз.
4. ОК шамы жанғанша күтіңіз.

5. Режим таңдау тетігін  бағытына бұрап, ыдысқа шамамен 1/4 ерітіндіні құйыңыз. Белгілі бір уақыт аралықтарында каппучинодан су құю үшін бу тетігін  бағытына бұраңыз. Сосын құюды режим таңдау тетігін I бағытына бұрау арқылы тоқтатып, ерітіндіні 5 минут сонда қалдырыңыз.
6. Ыдыс босағанға дейін 5-бөлімді тағы 3 рет қайталаңыз.
7. Қақ тазалау ерітіндісінің қалдықтарын кетіру үшін, су ыдысын жақсылап шайыңыз және таза сумен толтырыңыз (қақ тазалағыш ерітіндісі қосылмаған сумен).
8. Таңдағышты  бағытына бұрап, суды ыдыс босағанша ағызыңыз.
9. 7 және 8-қадамдарды қайталаңыз.

12. ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

Желі кернеуі:	220-240 В~50/60 Гц
Тұтынылатын қуат:	1100 Вт
ҰхДхБ өлшемі:	185x244(329)x305 мм
Қысым:	15 бар
Су ыдысының сыйымдылығы:	1,1 л
Қуат симының ұзындығы:	1300 мм
Салмағы:	3,8 кг

13. АҚАУЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Төменде кейбір ықтимал ақаулықтар көрсетілген.

Егер проблема сипатталғандай әдіспен шешілмесе, тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

12.1 ПРОБЛЕМА	12.2 ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	12.3 ШЕШІМІ
Эспрессо кофесі құйылмайды	Ыдыста су жоқ	Ыдысты сумен толтырыңыз
	Сүзгі ұстағыштағы тесіктер бітелген	Сүзгі ұстағыш шүмегіндегі тесіктерді тазалаңыз
	Эспрессо қайнатқыш тесігі бітелген	"10.4 Қайнатқыш шүмегін тазалау" тарауында сипатталғандай етіп тазалаңыз
	Су айналу жүйесіне қақ жиналған	"11. ҚАҚ ТАЗАЛАУ" бөлімінде сипатталғандай етіп қағын тазалаңыз

Эспрессо кофесі тесіктердің орнына сүзгі ұстатқыштың ж и е к т е р і н е н тамшылайды	Сүзгі ұстатқыш дұрыс салынбаған немесе кірлеген	Сүзгі ұстатқышты дұрыс бекітіңіз және жеткен жеріне дейін мықтап бұраңыз
	Эспрессо қайнатқыш бөлігінің толтырмасының созылмалы қасиеті жоғалған немесе ол кірлеген	Эспрессо қайнату бөлігінің тығыздағышын тұтынушыларға қызмет көрсету орнына ауыстыртыңыз
	Сүзгі ұстағыштағы шүмектерінің тесіктері бітелген	Сүзгі ұстағыш шүмегіндегі тесіктерді тазалаңыз
Эспрессо кофесі салқын	Кофе құйылған кезде ОК шамы жанбайды	ОК шамы жанғанша күтіңіз
	Алдын ала қыздыру орындалмаған	"3.2 Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер" бөлімінде көрсетілгендей алдын ала қыздырыңыз
	Кеселер алдын ала қыздырылмаған	Кеселерді ыстық сумен алдын ала қыздырыңыз
	Су айналу жүйесіне қақ жиналған	"11. ҚАҚ ТАЗАЛАУ" бөлімінде сипатталғандай етіп қағын тазалаңыз
Сорғы өте шулы	Су ыдысы бос	Су ыдысын толтырыңыз
	Ыдыс орнына дұрыс салынбаған және оның түбіндегі клапан ашық емес	Астыңғы клапанды ашу үшін ыдысты жайлап басып салыңыз
	Ыдыс жалғағышында көбіктер жоқ	"9. ЫСЫҚ СУ" бөлімінде берілген нұсқауларды су құйылғанша орындаңыз
Кофе кілегейі тым қоңыр (ол шүмектен тым жай ағады)	Тартылған кофе өте қатты тығыздалған	Кофені азырақ тығыздаңыз
	Тартылған кофе жеткіліксіз	Тартылған кофе мөлшерін азайтыңыз
	Эспрессо қайнатқыш тесігі бітелген	"10.4 Қайнатқыш шүмегін тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз
	Сүзгі мен тесіктері бар алынбалы сүзгі бітелген	"10.3 Кофе сүзгілерін тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз
	Тартылған кофе тым майда немесе ылғалды	Тек эспрессо кофесін жасау құрылғыларына арналған ұнтақ кофе пайдаланыңыз және оның ылғал емес екенін тексеріңіз
	Тартылған кофенің дұрыс емес түрі пайдаланылып жатыр	Басқа ұнтақ кофе түрін пайдаланыңыз

Кофенің дәмі қышқылтым	Қақ тазалаудан соң дұрыс шайылмаған	Қақ тазалаған соң құрылғыны "Қақ тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп шайыңыз
Каппучино жасау барысында сүт көпіршігі жасалмайды	ЕСР35.31 үлгісінде: сақина "HOT MILK" (Ыстық сүт) бағытында	ЕСР35.31 ҮЛГІСІНДЕ: сақинаны CAP-PUCCINO бағытына итеріңіз
	Сүт онша салқын емес	Сүтті әрқашан тоңазытқыш температурасында пайдаланыңыз
	Каппучино жасағыш кірлеген	"8. КАППУЧИНО ЖАСАҒЫШТЫ ӘР ПАЙДАЛАНУДАН СОҢ ТАЗАЛАУ" бөлімде сипатталғандай етіп тазалаңыз
	Су айналу жүйесіне қақ жиналған	"11. ҚАҚ ТАЗАЛАУ" бөлімінде сипатталғандай етіп қағын тазалаңыз
Құрылғы сөнеді	Авто өшіру іске қосылған	Құрылғыны қайта іске қосу үшін, ON/OFF (Қосу/Өшіру) түймесін басыңыз
Құрылғы іске қосылған соң бірнеше секундтан кейін өшеді	Режим таңдау тетігі I бағытында (Күту режимі) емес	Режим таңдау тетігін I (күту режимі) бағытына бұрап, ON/OFF (Қосу/Өшіру) түймесін басыңыз.